

С.К. Ерімбет, А.А. Айтманбетова, Ж.Б. Бейсенбинова
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті

АСҚОРЫТУ ЖҮЙЕСІ АУРУЛАРЫНЫҢ СТУДЕНТТІК ОРТАДА ТАРАЛУЫН ЗЕРТТЕУ

Зерттеу нәтижелерін қорыта келе, университеттік клиникада диспансерлік бақылауда асқорыту жүйесінің аурулары басқаларынан басым екені анықталды: жылдық есеп бойынша асқорыту жүйесінің алғашқы аурушылдығы да, жалпы аурушылдығы да тіркелген. Социологиялық сұрау нәтижесінде студенттердің айтарлық бөлігі өз денсаулықтарын – қанағаттанарлық деп санайтындар, үйде тамақтанатындар, оқу ғимаратындағы асхана мәзірі және қызметімен қанағаттанатындар және асқорыту жүйесі аурушылдығының алдын-алу ұстанымдары ретінде рациональды, яғни балансты тамақтануды нұсқағандар.

Түйінді сөздер: асқорыту бұзылыстары, асқорыту аурушылдығы, аурушылдықтың алдын алу, студенттік өмір салты, тамақтану тәртібі

«20 ғасырдығы әлемдік денсаулық сақтаудың Ұлы хартиясы» болып табылған декларация, 40 жыл бұрын қабылданып, медициналық көмекті біріншілік медико-санитарлық көмекке бағыттау керектігін тұжырымдады. Жаңа «Астаналық декларацияда (2018ж.)» цифровизация, информатизация ескеріле отырып, басты бағыты – скринингтік байқаулармен күшейтілген профилактика болып қала берді.

Студенттерге медициналық көмек көрсетуге бағытталған зерттеу жұмыстарының мәліметтері бойынша Алматы қаласында төртінші курстың әрбір төртінші студентінің және әрбір төртінші интерн-дәрігердің денсаулықпен байланысты мәселелері бар. Екінші, үшінші курстың 15%-дан астамы 100%-дық денсаулық көрсеткішін дәлелдей алмаған (Файзуллина К.М., Иманғалиева Л.Т., 2013ж.).

С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Біріккен университет клиникасы базасында студенттерге арналған емханалық қызмет көрсетіледі. Бұл жағдай студент-медиктер аурушылдығына талдаулар жасап, олардың денсаулық жағдайын динамикада бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Ұлт болашағын қалыптастыратын студент-жастардың арасында асқорыту жүйесіне қатысты мәселелердің өзектілігіне қарай зерттеу жұмысының мақсаты – студенттік ортадағы асқорыту бұзылыстарына қатысты мәселелерді зерттеу және асқорыту жүйесінің аурушылдығының алдын алу бойынша ұсыныстар жасау болып табылды.

Зерттеу методикасына сәйкес, Алматы қаласының түрлі оқу орнында оқитын 1-4 курс студенттеріне сұрау жүргізілді. Сонымен қатар құжаттық дәлелдеме көзі ретінде ҚазҰМУ Біріккен университет клиникасының есебі негізінде студенттердің денсаулық көрсеткіштері талданды.

Университет клиникасының есебі бойынша «қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша 1-4 курс студенттері біріктірілген студенттік учаске мәліметтері талданды. Берілген учаскедегі студенттік контингент құрылымы төмендегі кестеде келтірілген.

Кесте 1- Студенттік учаске контингентінің құрылымы

П№	Факультет	Курс	Жалпы саны		Оның ішінде:			
			2018	2017	ер	ер	әйел	әйел
					2018	2017	2018	2017
1	МІ,ҚДС,МПИ, Фарм.фак	1,2,3,4,5,6	1740	1865	580	549	1160	1316
2	Шетелдік студенттер ҚазҰМУ	Барлық курстар	81	84	50	50	31	34
Барлығы:		-	1740	1865	580	549	1160	1316

Зерттеліп отырған контингенттің жастар екеніне қарамастан, олардың арасында сирек болса да аурушылдық түрлері тіркеліп отырғанын көреміз. Олардың арасында 12-елі ішек жарасы, жедел, қан кетусіз немесе тесілгендігі анықталмаған (3), созылмалы беткі гастрит (3), созылмалы гастрит анықталмаған (1), созылмалы холецистит (2), холециститтің басқа формалары (1), басқа созылмалы панкреатиттер (1) анықталған.

Сауалнамалық зерттеуге Алматы қаласының түрлі жоғарғы оқу орындарынан студент-респонденттер қатысқан: ҚазҰМУ – 33,8%, Қазақ Ұлттық педогогикалық университеті – 25,4%, Алматы технологиялық университеті – 22,5%, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – 11,3%, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық технологиялық университеті – 4,2%, Қазақ Ұлттық қыздар педогогикалық университетінің студенттері – 2,8%.

Оқу курсына қарай жіктегенде, әсіресе, 4 курс -46,5% және 1 курс -38% студенттері басым атсалысқан.


Студенттер арасында өз денсаулығын бағалау көрсеткіштері бойынша, респонденттердің айтарлық үлесі (47,3%) – денсаулығын қанағаттанарлық деп бағалаған.

Жастар арасына фаст-фуд өнімдерін тұтыну тұрақты әдетке айналғаны белгілі. Көпшілікке зиян екені белгілі болғанымен тұтыну төмендеп тұрған жоқ: 4% - күнделікті тұтынады, аптасына 2 рет және одан да жиі қолданатындар – 21% құраған.

Сұралғандардың арасында асқорыту жүйесіндегі бұзылыстар мен мазасыздыққа шағымданатындар – 16,9%.

Асқорыту жүйесіндегі бұзылыстарға шағымданатындар арасында асқазан-ішек жолдарының жағымсыз симптомдары жиі мазалайды деп – 9,9%, сирек болса да мазалайды деп 40,8% респондент көрсеткен. Сондай-ақ, «кез-келген денсаулықпен байланысты мәселелерде маман көмегіне жүгінетіндер» – 54,9%.

Назар аударатын оңтайлы жағдай, респонденттердің жартысына жуығы (49,3%) – үй жағдайында тамақтанады (сурет). Ал аралас, яғни үйде де сыртта да тамақтанатындар -42,3% құраған. Әрине, көпшілік студенттер өздері оқитын оқу орнындағы асханада тамақтанатындары белгілі. Оқу орнындағы асхананың ас мәзірі және қызмет көрсетуін дұрыс санайтындар - 49%. Дегенмен, қарсы пікірдегілер үлесі де аз емес 38%.



Сурет 1 - Студенттердің тамақтану орны, %

Асқорытумен байланысты негативті мәселелердің алдын-алу ұстанымы ретінде респонденттердің басым көпшілігі – рациональды (балансты) тамақтануды көрсеткен.

Зерттеу нәтижелерін қорыта келе, университеттік клиникада диспансерлік бақылауда асқорыту жүйесінің аурулары басқаларынан басым екені анықталды: жылдық есеп бойынша асқорыту жүйесінің алғашқы аурушылдығы да, жалпы аурушылдығы да тіркелген. Социологиялық сұрауда студенттердің айтарлық бөлігі өз денсаулықтарын қанағаттанарлық деп санайтындар, үйде тамақтанатындар, оқу ғимаратындағы асхана мәзірі және қызметімен қанағаттанатындар және асқорыту жүйесі аурушылдығының алдын-алу ұстанымы ретінде рациональды, яғни балансты тамақтануды нұсқағандар.

Студент–жастары арасындағы асқорытуға қатысты мәселелерді шешуде, олардың өз денсаулығына жеткілікті назар аударуға кедергілерді азайтып өмір салтын оңтайландыру әрі өмір сүру сапасын жақсартуға негіз болатын оқу еңбегі, бос уақыт және қаникулярлы кезеңдегі жүктеменің біркелкі таралуын, рациональды тамақтануды ұстануды ынталандыру қажет.

С.К. Ерімбет, А.А. Айтманбетова, Ж.Б. Бейсенбинова

Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова

ИЗУЧЕНИЕ РАСПРОСТРАНЕННОСТИ ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ СИСТЕМЫ ПИЩЕВАРЕНИЯ СРЕДИ СТУДЕНТОВ

Резюме: По результатам исследования выявлено, что, при диспансерном наблюдении студенческого участка университетской клиники, болезни органов пищеварения, количественно, превышают другие заболевания: по результатам отчетных данных зарегистрированы и первичная, и общая заболеваемость органов пищеварения. По данным социологического опроса, большую часть студентов составили лица, оценивавшие состояние своего здоровья удовлетворительными, преимущественно питающиеся дома, удовлетворенные обслуживанием и меню студенческих столовой по месту учебы, а также респонденты, поддерживающие рациональное сбалансированное питание как профилактику заболеваний пищеварительной системы.

Ключевые слова: нарушения пищеварения, болезни пищеварения, профилактика заболеваний, образ жизни студентов, режим питания

S.K. Erimbet, A.A. Aitmanbetova, Z.B. Beisenbinova

Asfendiyarov Kazakh National medical university

STUDYING THE PREVALENCE OF THE INCIDENCE OF THE DIGESTION SYSTEM AMONG STUDENTS

Resume: According to the results of the study, it was found that, during the follow-up observation of the student site of the university clinic, digestive diseases are quantitatively higher than other diseases: according to the results of the reported data, both primary and general diseases of the digestive system were recorded. According to a sociological survey, the majority of students were people who rated their health as satisfactory, mostly at home, satisfied with the service and menus of the student cafeteria at the place of study, as well as respondents who supported rational balanced nutrition as a prevention of digestive system diseases.

Keywords: digestive disorders, digestive diseases, disease prevention, students' lifestyle, diet